

Молдаханова М.М.^{1*} , Нурбекова А.М.²  Мухаметжанова Н.А.³ .

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

²Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ.,
Қазақстан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН СТУДЕНТТЕРДІ ЖОО-ДА ОҚУҒА БЕЙІМДЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада ЕББҚ бар ЖОО – ның білім алушыларының оқу орнына бейімделудің аспектілері қарастырылады және ЖОО – дағы кәзіргі заманғы дамуға байланысты білім алушыларға қолдау көрсетудің өзекті мәселесі қарастырылған. Білім алушылардың танымдық қабілеттері және білім алушының өзіндік жеке ерекшеліктері маңызды.

Жоғары оқу орындарында ЕББҚ бар студенттерді оқу үдерісіне бейімделуінде студенттердің алған білімдерінің табысты болуына педагогикалық - психологиялық қолдау жұмыстары әр студент пен білім беруші оқытушы құрамының байланысты жұмыстары, көпқырлы үдеріс есебінде қарастыруды қажет етеді. ЕББҚ студенттерінің оқу үдерісіне бейімделуінің негізгі 4 критерийлерін атап айтуға болады: когнитивті – студенттердің жоғары оқу орнында білім алуындағы негізгі алға қойған мақсаттарын және оларға жету жолдарын нақты білсе; эмоционалды – ерікті критерийінің болуы – жоғары оқу орнында білім алу үдерісінде тұлғаралық қарым – қатынасты құра білмеу қабілеті болуымен де сипатталады және айналасындағы жаңа жағдайларға өзіндік жай – күйін бағалауының болуы, айналасындағы әлеуметтік құбылыстарды қабылдай алуы мен бейімделуі, дербестігі жатады.

Түйін сөздер: психологиялық – әлеуметтік бейімделу; ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар; студенттердің денсаулық жағдайы; психологиялық жай-күй.

Молдаханова М.М.^{1*}, Нурбекова А.М.² Мухаметжанова Н.А.³.

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

² Южно Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова,
г. Шымкент, Казахстан

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ К ОБУЧЕНИЮ В ВУЗЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности организации процесса адаптации студентов с особыми образовательными потребностями в вузе. Рассмотренная в статье проблема является актуальной, так как многие ученые уже отметили необходимость психолого-педагогической поддержки студентов с особыми образовательными потребностями в вузе. В процессе обучения студентов с особыми образовательными потребностями необходимо учитывать как познавательные, так и личностные особенности. Процесс адаптации студентов с особыми образовательными потребностями сложный и многогранный процесс, в котором создаются специальные психолого-педагогические условия для успешного обучения и социального взаимодействия обучающихся. Процесс адаптации студентов с особыми образовательными потребностями имеет четыре критерия. Это когнитивный, мотивационный, эмоционально волевой и экспери-

ментальный. Когнитивный критерий характеризует навыки студента в понимании системы знаний и особенности его усвоения. Эмоционально-волевой критерий характеризует способность студента строить межличностные отношения, а также его индивидуальный эмоционально-волевой подход к процессу и результату обучения. Эмоционально-волевой критерий же характеризуется способностью студента оценивать эмоциональное состояние другого человека, и отношение к изменившейся вокруг ситуации. Мотивационный критерий адаптации характеризует способность студента правильно оценивать свои социальные навыки, причины своего поведения, а также свои социальные и когнитивные возможности.

Ключевые слова: социально-психологическая адаптация; психологическое благополучие; студенты с ограниченными возможностями здоровья.

M. Moldakhanova^{1}, A. Nurbekova² N/A. Muhametzhanova³.*

¹South Kazakhstan University named after Mukhtar Auezov, Shymkent, Kazakhstan

²South Kazakhstan Pedagogical University named after Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan

⁴Eurasian National University named after L. N. Gumilev, Astana, Kazakhstan

PEDAGOGICAL CONDITIONS OF ADAPTATION OF STUDENTS WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS TO STUDY AT HIGHER EDUCATION INSTITUTION

Abstract

The article considers some aspects of the organisation of adaptation of students with special educational needs in higher education institution. The relevance of the problem of student support in connection with modern changes in higher education institution is proved. Not only cognitive abilities of students are important, but also personal characteristics of each student. Psychological and pedagogical support in the process of adaptation of students with special educational needs to higher education institution is considered as a complex, multifaceted process of interaction between students and teachers in the form of activities in which psychological and pedagogical conditions for successful learning and development of each student are created.

The adaptation process of students with special educational needs is characterised by four main criteria: cognitive, emotional-volitional, experiential and motivational.

While the cognitive criterion determines the students' understanding of the purpose of learning in higher education and assimilation of the system of knowledge on how to achieve this goal, the emotional-volitional criterion is characterised by the students' ability to build interpersonal relationships with the presence of an individual approach to the nature and results of learning. And the emotional-volitional criterion allows to evaluate the general emotional state of a person and his/her attitude to the changed situation. The motivational criterion of adaptation shows how correctly the student perceives and evaluates himself and his social relations, knows the reasons for his behaviour in the new environment, which measures him by the

Keywords: socio-psychological adaptation; psychological well-being; students with disabilities.

КІРІСПЕ. Жоғары оқу орнының ЕББҚ бар студенттерді білім бері кәзіргі қоғам талабына сай дамуында педагогикалық – психологиялық қолдау жасау қажет екені және бұл бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ал, бұл мәселені шешу мақала тақырыбының өзектілігін байқатады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің ЖОО – дарында оқу жағдайларына бейімделуінде туындап жүрген мәселелерді шешуде қажетті теориялық және тәжірибелік нақты алғышарттар бойынша жасалу қарастырылуда.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің жоғары оқу орындарында оқу үдерісіне бейімделуі бірқатар субъективті ерекшеліктері мен оқу үдерісіне бейімделудің педагогикалық-психологиялық қолдауды ұйымдастырудың нақты шарттармен байланысты екені айқын. ЕББҚ

оқу үдерісін тәжірибелік талдау олардың дамуы мен сәтті әлеуметтенуін қиындататын негізгі мәселелері Ресей ғалымдары Э.В. Патраков, Л.В. Токарская, О.В. Гушиннің осы мәселе аясындағы зерттеулерінде студенттердің ЖОО – да оқуға бейімделу мүмкіндіктері қаралған.

Ал, С.Д. Родонованың ғылыми еңбегінде әлеуметтік бейімделуге анықтама бере отырып төмендегідей жіктейді. Әлеуметтік бейімделу – әлеуметтік ортаға енуде психологиялық психологиялық функцияларды орындау мүмкіндіктері бар болуы:

- өзіндік өмірін, оқуын, демалыстары мен бос уақыттарын және өзі өмір сүретін әлеуметтік ортасындағы адамдармен қарым – қатынас құру қабілеттерінің болуы;
- өз дамуының ерекшеліктері мен қоршаған орта шындығын қабылдай алуы;
- өз ортасына қарай мінез-құлқын да бейімдеу;

Т.П. Браунның «Адаптация студентов к обучению в вузе в условиях оптимизации образовательной среды» ғылыми зерттеуінде жоғары оқу орнының студенттерінің білім беру үдерісіне бейімделуінің сәттілігін сыртқы критерий және ішкі критерий бойынша екі жақты қарастырады. Сыртқы критерийлер ЕББҚ бар білім алушының мүмкіндіктері ЖОО – да білім алу талаптарына жарамдылығын, ішкі критерийге – физиологиялық саулығын сақтауға, шиеленіс пен алаңдаушылықтың болмауына қанағаттануын анықтайды. Г.П. Максимованың «Модернизация воспитания в высшей на интеграции педагогики и искусства в медиасреде» атты ғылыми зерттеуінде ЕББҚ студенттердің білім алуға деген белсенділігінің артуы үшін студенттерге оқу үдерісіне бейімделуге қажетті жағдайлардың жасалуы қажет екендігі айтылған. ЖОО - ға келген әрбір студенттің білім деңгейі мен жеке ерекшеліктері әртүрлі болуына байланысты әр студентке жеке бейімделу жағдайлары жасалу керектігі айтылған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің бірге оқитын топ студенттермен тұлғаралық қарым – қатынас орнатудың әлеуметтік, психологиялық бейімделудің негізгі міндеттерін сонымен бірге, студенттің топтағы өз орны мен рөлін білуі және өз позициясымен жеңе білуі керектігі туралы М.Д. Коновалова тұжырым айтқан. Студенттің өз топ ішінде өз - өзіне деген сенімсіздіктің болуы өзінің мәртебесіне қанағаттанбауынан болады және студенттік құндылықтар мен нормаларды орнатуда да, өзін – өзі бағалауда да стресстік жағдайда жүруі де өзіндік көзқарастың өзгеруі немесе жоғалуына алып келуі мүмкін.

ЕББҚ бар студенттердің бейімделуі жайында тағы бір зерттеуші Н.Н. Дарьенкованың еңбегінде білім алушылардың оқу мен оқыту үдерісі, кәсіби бейімделуін де толық қамту қажеттігін атап өткен.

Қарастырылып отырған мәселені отандық ғалымдар (З.А. Мовкебаева, Р.А. Сулейменова, А.К. Сатова, А.К. Оралбекова, А.Б. Дузелбаева, А.С. Мағауова, З.М. Садвакасова және т.б.) зерттеген.

Инклюзивті білім беру жағдайында университеттерде ЕББҚ білім алушыларды психологиялық – педагогикалық қолдау сүйемелдеу модельдеу бойынша өз еңбегінде нұсқасын ұсынған.

Сонымен бірге, З.М. Садвакасова жоғары оқу орнының студенттерін университет жағдайына бейімдеуге, сүйемелдеуге өз тұжырымдамасын ұсынған.

Даму бұзылыстары бар студенттердің университет ортасына бейімделуінде даму бұзылыстарына байланысты қандай да бір қиындықтарға ұшыру туралы И.Ю. Кулагин өз еңбегінде «Студенттің жаңа ортаға бейімделуде жағдайында денсаулық жағдайына байланысты соматикалық ауруларының асқынуы мүмкін. Соматикалық аурулардың ауыр жағдайға алып келмесе де, өмір сүру салтына әсер ететіні анық және қалпына келуге арнайы әлеуметтік кезеңдерден өту қажет. Қайта бейімделудің тиімділігі тұлғаның жеке ресурстары мен ұстанымы және әлеуметтік жағдайына байланысты болады» деген пікірі бар.

ЕББҚ бар ЖОО - ның білім алушыларының әлеуметтік және психологиялық бейімделуінің сәтті өтуі арнайы 4 өлшем бойынша анықталады:

Когнитивті өлшемі бойынша – білім алушының өзіндік мақсатын түсінуі және өз мақсатына жету жолын анықтай алуы. Бұл критерийге айналасындағы адамдармен қарым – қатынасы,

ордағы әлеуметтік ролі, өзіндік жеке басының ие болатын қасиеттері, өзіндік мүддесі, тұлғалық тұрғыдан даму жоспарының болуы жатады;

Эмоционалды – ерікті өлшемі бойынша тұлғаның жалпы эмоционалды жай – күйін анықтауға мүмкіндік береді. Білім алушының жаңа ортаның сипаты мен оқудың сипатына өзіндік көзқарасын білдіреді. Оқу барысындағы қиындықтар мен оларды жеңу қабілеттерінің болуын сипаттайды. Бұл критерий студенттің жағдайы мен жоғары оқу орнындағы оқытудың нәтижелілігін және білім алушының өз әрекеттерін бағалауға анықтауға мүмкіндік береді.

Әрекеттік – тәжірибелік өлшемі бойынша – жаңа ортаға бейімделу кезіндегі студенттің дербестігін, өз қабілеттеріне сүйене отырып мақсаттар қойып, жетуге ұмтылысының болуымен, өз-өзін реттеу және өзін-өзі басқарумен анықталады. Аталған критерий бойынша ортаға ғана емес білім алушының ортаға енуі, қойылған талап – ережелерге сай бейімделуді қарастырады.

Мотивациялық өлшемі бойынша – білім алушының өзін қоршаған ортасындағы құрдастарының мінез-құлықтарымен үйлесімділігі және әлеуметтік байланыстарының дұрыстығын қамтиды. Оңалту өлшемі бойынша – созылмалы аурулары себебінен қайта бейімделуге ықпал ететін өзіндік мотивациясы, талпынысы, жеке ресурстарының болуын қамтиды. ЕББҚ бар білім алушылардың жоғары оқу орнына бейімделуге аталған өлшемдер негіз болып табылады деп айтуға болады.

«Изучения Я-концепции с ограниченными возможностями здоровья» атты С.К. Хаидов, Н.А. Пешкова, Н.А. Степанованың ғылыми мақаласында ЕББҚ бар білім алушылардың ортаға әлеуметтік бейімделуіне студенттің өзіндік белсенділігінің, табандылығының болуын когнитивтік компонент деп қарастырған. Ал мотивациялық компонент деп білім алушының өзінің сәттілік дәрежесі бойынша өз өміріне жағымды өзгерістер енгізе алатындықтарына сенімдерінің төмен екенін байқаған. Демек, бейімделуді үдеріс деп қарастырамыз. Бейімделуді үдеріс деп қарастырсақ адамның ортадағы өзіндік тепе-теңдікке қол жеткізуге тиісті әрекеттерді қолдану арқылы өзгерту тәсілі болып табылады.

Жоғары оқу орнында ерекше білім беруді қажеттілігі бар білім алушының білім деңгейі қасындағы құрдастарының құзыреттілік деңгейімен сипатталады. Бұл студенттің өзіне сенімділігін төмендетуі мүмкін. Университет талаптары қалыпты дамудағы студенттер үшін қиын болмағанымен ЕББҚ бар білім алушыларға қандай да бір қолдауды қажет етуі мүмкін. ЕББҚ бар білім алушылардың тұрақсыз психологиялық жай күйінің ауыспалы болуы – динамикалық тұрақсыздықты туындатуы мүмкін және қиын мінез – құлық пен аффективті бұзылыстардың пайда болуы мүмкін. Ал, білім алушыда тұрақты жай – күйдің болуы үшін педагогикалық – психологиялық қолдаудың міндеттерін қарастыра отырып арнайы бейімдеудің болжамды нұсқасын (модель) құру қажет.

ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ. ЕББҚ бар білім алушыны жоғары оқу орнына бейімдеуге болжамды нұсқасын құру мақсатында М.Әуезов атындағы ОҚУ базасында жүргізілді. Зерттеуге «Тарих және педагогика» факультетінің «6В03130 - Психология» БББ бойынша I курс студенттері. Зерттеуге қатысқа студенттер саны – 48. Топтардағы патологиялық жағдайлары тірек – қимыл әрекетіндегі бұзылыстар және соматикалық аурулар. Бақылаушы эксперимент барысында білім алушылардың әлеуметтік бейімделу жағдайын анықтау мақсатымен «Әлеуметтік көңіл – күй үйлесімділігі» сауалнамасы жүргізілді. Сонымен бірге жоғары оқу орнының оқытушыларынан «ЕББҚ бар білім алушыларға деген жеке көзқарасыңыз бен қарым - қатынасыңыз» сауалнама жүргізіліп талдау жасалынды.

Бақылаушы эксперимент нәтижелеріне қарай диагностикалық бағдарлама құрылды. ЖОО – дағы білім алушылардың бейімделудің негізгі компоненттері бойынша көрсеткіштерін зерттеуге, белгіленген өлшемдерге сәйкес бағалауға бақытталған.

- ЕББҚ бар студенттерде тұлғалық белгілердің қалыптасуы;
- ЕББҚ бар студенттердің мазасыздығы;
- Оқу тобына бейімделу және қызметіне бейімделу;
- Студенттердің кәсіби оқу қызметінің жетекші мотивтері;
- Тұлғаның оңалту әлеуетінің деңгейін анықтау;

Диагностикалық бағдарлама «Білім алушылардың мазасыздығы», «Тұлғалық сипаттамаларды бағалау парағы», «Тұлғаны оңалту әлеуеті», «ЖОО - да кәсіби оқу қызметінің жетекші мотиві» зерттеу сауалнамалары негізінде жасалынды.

НӘТИЖЕЛЕР. Бақылаушы эксперимент барысында ЕББҚ бар білім алушылардан алынған сауалнама нәтижесінен қайшылықтар анықталды:

Білім алушылардың басым бөлігінің пікірі бойынша айналасындағылар оларға немқұрайды қарайды, бірақ өздерінің жағдайларын қанағаттандырарлық деп бағалайды. Көптеген білім алушылар әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қиналатындықтарын білдірген. Білім алушылардың ішінен өздерінің таңдаған мамандық бағыты мен болашақ жұмыстарына күмәнмен және алаңдаушылықпен қарайтындықтарын білдірген. Дегенмен де болашақта мұғалім, дәрігер, билік өкілі бола алатындықтарына сенетіндері де бар екені байқалды.

Мүгедектігі бар тұлғалардың жұмысқа орналасуға жеңілдіктер мен жүйелі бағдарламаның қажеттігі туралы білім алушылар мен оқытушылар оң пікірлер білдірді. Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша анықталғаны студенттердің ЕББҚ бар студенттерді қабылдауға дайын емес-тігі, оқытушылардың ол студенттерге байсалды көзқараспен қарайды екен. Демек, ЖОО-да ЕББҚ бар білім алушыларды бейімдеуге педагогикалық – психологиялық сүйемелдеудің қажет екені, университет студенттеріне танымдық іс – шаралар жүйесін дайындау қажеттігін көрсетеді. Аталған іс – шаралар жүйесі ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ЖОО – да оқуға сәтті бейімделуіне қажетті шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Дайындаған диагностикалық бағдарлама ЕББҚ бар білім алушылардың ортаға бейімделу ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді. ЕББҚ бар білім алушылардың жауаптарынан ең жоғарғы көрсеткіш көрсеткені ол «Мазасыздық көрінісі». Демек ЕББҚ бар білім алушылардың ЖОО-да бейімделуге қатысты мазасыздығы мен қолайсыз жағдайларын жою қажет. Сауалнама нәтижесінде көрсеткендей бейімделу барысындағы мазасыздық пен қиыншылықтар:

- пәндерден берілген оқу тапсырмаларының қиындығы;
- құрдастарымен қарым – қатынастағы қиындықтары;

ЖОО – на бейімделудің орташа деңгейімен сипатталса, ЕББҚ бар білім алушылардың $\frac{1}{4}$ -і бейімделудің жоғары көрсеткішін көрсетті. Нәтиже бойынша білім алушылардың ЖОО – на, оқу тобына бейімделу деңгейін арттыруға, нығайтуға бағытталған жұмыстардың қажеттілігін көрсетті. (1-кесте).

Кесте 1– Зерттеу нәтижелері бойынша ЕББҚ бар білім алушылардың бейімделудің көрсеткіші

Диагностикалық бағдарлама	Жоғары	Орта	Төмен
Мазасыздық көрінісі	50	35	15
Тұлғалық сипаттамаларды бағалау парағы	25	37	38
Тұлғаны оңалту әлеуеті	50	50	
Қарым – қатынас	25	62	13
ЖОО – да кәсіби оқу қызметінің жетекші мотиві (<i>Диплом алу, Білім алу, Кәсіпті меңгеру</i>)	25	50	25

Зерттеудің анықтаушы кезеңінде алынған нәтижелер негізінде жалпы жағдайды нығайтуға бағытталған бағдарлама жасалды. Құрылған бағдарлама ЕББҚ бар білім алушыларды ЖОО – да оқуға бейімдеу мақсатында педагогикалық психологиялық сүйемелдеу моделі құрылып, университеттің оқытушылар, психолог мамандар, тәлімгерлер, ЕББҚ бар білім алушылардың өздері де қатысты.

ТАЛҚЫЛАУ. Педагогикалық психологиялық сүйемелдеудің нысаны – ЕББҚ бар білім алушылардың ЖОО жағдайына бейімделу үдерісі. Пәні – сүйемелдеудің құрылымы мен мазмұнын дайындау болып табылады. Сүйемелдеу мақсатымен құрылған модель кезеңдерден тұрады.

Зерттеушілік кезең: ЕББҚ бар студенттердің ЖОО – на бейімделу үдерісінің құрамдас бөлігін зерттеу; диагностикалық бағдарламалар жасау; зерттеулер жүргізіп, шыққан нәтижені талдау;

Ұйымдастырушылық кезең: ЖОО – на ЕББҚ бар білім алушыларды бейімдеудегі нығайтуға бағытталған арнайы бағдарлама құру. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін айқындау. Бағдарламаны жобалау және құру. ЖОО – да ЕББҚ бар білім алушыларды оңалту әлеуетінің деңгейін арттыру бойынша нұсқаулықтар дайындау.

Қалыптастырушы кезең: ЕББҚ бар білім алушыларды ортаға бейімдеу бойынша нығайтуға бағытталған бағдарламаны іске асыру, жүргізу.

Бақылау кезеңі: ЕББҚ бар білім алушыларды ЖОО ортасына бейімдеу үдерісінің құрылымдық қалыптасуын талдау.

Аналитикалық кезең: ЕББҚ бар білім алушыларды ЖОО ортасына бейімдеу үдерісінің тиімділігін диагностикалау. Бақылау және анықтау кезеңдерінде алынған нәтижелерді салыстыру және талдау; жүргізілген жұмыстың тиімділігін бағалау.

Профилактикалық бағдарламаны жасауда келесі принциптер назар аударылды:

- түзетудің, алын алудың, дамытудың міндеттерінің жүелілігі;
- диагностикалау мен түзетудің бірлігі;
- тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескеру;
- психологиялық қолдаудың кешенділігі;
- әлеуметтік ортаны белсенділікке тарту;
- бағдарламалап оқыту;
- берілетін материалдың көлемін есепке алу;

Бағдарламаға психологиялық тренингтердің элементтері енгізілген, студенттермен кері байланыстарды жиі орнату, студенттерді қажетті дағдыларды қалыптастыру. Топтық пікірталастар, топтық жұмыстар, іскерлік ойындар, өзін-өзі дамыту әдістері қолданылды.

Бағдарлама бойынша сүйемелдеу жұмыстары аптасына 1-2 рет жоспарланып, төрт бөлім бойынша жүргізілді: білім алушыларды оңалту әлеуетін дамыту; білім алушыны дамытуға және нығайтуға бағытталған жұмыс; бейімделудегі жеке мінез – құлықтық компонентінің қасиетін түзетуге бағытталған нығайту жұмыс.

Студенттермен өтілетін сабақтардың нысаны – топтық жұмыс болды. Білім алушылармен топтық жұмыстар ережелер бойынша топта өзіндік белсенділіктерін көрсету, тапсырмаларға мұқият болу, өзіндік сенімділікпен қарым – қатынас, құрдастарына қолдау көрсету. Өтілген топтық жұмыстардың құрылымы ұйымдастырушылық кезең, сабақтың негізгі бөлімі, қорытынды кезеңнен тұрады. Жүргізілген зерттеу жұмысымыз бойынша ұсынылатын бағдарламамызды әлеуметтік педагогтардың, практикалық психологтардың түзету және дамыту жұмыстарында қолдануға ұсынуға болады.

Зерттеудің қорытынды кезеңінде анықтаушы эксперимент кезеңіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда келесі өзгерістерді көрсетті. (2-кесте).

Кесте 2 – Зерттеу нәтижелері бойынша статистикалық сипаттама

Диагностикалық бағдарлама	Жоғары	Орта	Төмен
Мазасыздық көрінісі	75	25	
Тұлғалық сипаттамаларды бағалау парағы	45	40	15
Тұлғаны оңалту әлеуеті	85	15	
Қарым – қатынас	50	50	
ЖОО – да кәсіби оқу қызметінің жетекші мотиві (<i>Диплом алу, Білім алу, Кәсіпті меңгеру</i>)	62	30	8

Математикалық – статистикалық талдауда барлық көрсеткіш бойынша алынған мәндер күтілген нәтижеден жоғары екені байқалды. Зерттеудің күтілген нәтижесінің мағыздылығын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ. Жоғары оқу орнында ЕББҚ бар білім алушыларды бейімдеуде педагогикалық психологиялық сүйемелдеуді негіздей құрылған моделіміз сынақтан өтуде тиімділігі расталды. ЕББҚ бар білім алушыларды жоғары оқу орнына бейімдеуде түрлі бейіндегі мамандардың жүйелі, жоспарлы және кешенді жұмыстары арқылы жүргізілуді қажет етеді. ЕББҚ бар білім алушыларға арнайы әлеуметтік – психологиялық, педагогикалық жағдайлар жасалады. Жауапты мамандар: топ тәлімгерлері, психолог маман, тьютор, ЕББҚ бар білім алушының өзі, ата – анасы. Білім алушыларды бейімдеу моделі әртүрлі болуы мүмкін бірақ, ЖОО – ның жағдайына бейімделудегі ЕББҚ бар білім алушыда кездесетін мәселелер бір болғандықтан психологиялық – педагогикалық қолдауды, жүйелі жүргізуді және енгізуді көздейтін арнайы ұйымдастырушылық модель нәтижелі болатыны зерттеу жұмысында анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ.
2. Рамка мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан /Г.Ногайбаева, С.Жумажанова, Е.Коротких. – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017. – 185с.
3. Максимова Г.П. Модернизация воспитания в высшей на интеграции педагогики и искусства в медиасреде: дис. ... к.п.н. - Ростов-н/Д 2007.-86с.
4. Родонова С.Ю. Педагогические условия социальной адаптации иностранных студентов-стажеров к обучению на гуманитарном факультете российского вуза: дис. ... к.п.н. - Ярославль, 2022. 115с.
5. Браун Т.П. Адаптация студентов к обучению в вузе в условиях оптимизации образовательной среды: дис. ... к.п.н. - СПб, 2007. - 89с.
6. Коновалова М.Д., Щетинина Е.Б. Психолого-педагогическое сопровождение студентов с ограниченными возможностями здоровья: учебное пособие для вузов. – Саратов, Изд-во Саратовского университета, 2013. – 106 с.
7. Кулагина И.Ю., Сенкевич Л.В. реабилитационный потенциал личности при различных хронических заболеваниях// Культурно-историческая психология (М.). 2015. Т. 11, №1. 50-60 с.
8. Пьянова Е.Н. Социально-психологическая адаптация студентов естественного профиля обучения регионального вуза: дисс... канд.психол.наук. СПб.. 2006.-130 с.
9. Горчакова А.А. Особенности процесса адаптации студента к учебно-профессиональной деятельности //Проблемы современной науки и образования. – Иваново, 2017. – 88с.
10. Педагогический словарь. Т.1. – М.: Изд. Академии пед. наук, 1960. - С.24.
11. Постовалова Г.И. О факторах, определяющих адаптационную способность человека// Психологические и социально-психологические особенности адаптации студентов. – Ереван, 1973. - С.18-19.
12. Мовкебаева З.А., Денисова З.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. - Алматы: Дайкпресс, 2013. - 165с.
13. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт. философии (PhD). – Алматы, 2014. - 210с.
14. Мағауова А.С., Талипова Н.А., Махамбетова Ж.Т. Моделирование психолого-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в вузе в условиях инклюзивного образования// КазНПУ имени Абая Вестник Серия «Психология». <https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/472/463>
<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7847.09>
15. Садвакасова З.М. Инклюзии в образовании: технологии успешной адаптации студентов «Группы риска»// Казахский национальный университет имени аль-Фараби Вестник. Серия «Педагогические науки». №2 (55). 2018 - С.56-64

16. Андреева Д.А. О понятии адаптации: Исследование адаптации студентов к условиям обучения в вузе. – Москва: Человек и общество, 2006. – 451с.

17. Реан А.А. Психология адаптации личности. Анализ. Теория. Практика. - СПб.: Прайм-Еврознак, 2006. -17с.

References:

1. Qazaqstan Respwblikasınıñ keybir zañnamalıq aktilerine inklyuzivti bilim berw мәseleleri boyınsha özgerister men tolıqtırwlar engizw twralı Qazaqstan Respwblikasınıñ Zañı 2021 jılǵı 26 mawsımдаǵı № 56-VII QRZ.

2. Ramka monitoringa inklyuzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazakhstan [Monitoring framework for inclusive education in the Republic of Kazakhstan] /G.Nogaybayeva, S.Zhumazhanova, Ye.Korotkikh. – Astana: AO «Informatsionno-analiticheskiy tsentr», 2017. – 185s.

3. Rodonova S.Y. Pedagogical conditions of social adaptation of foreign students-interns to training at the humanitarian faculty of the Russian higher education institution: dissertation ... Candidate of Pedagogical Sciences - Yarosavl, 2022. 115s.

4. Brown T.P. Adaptation of students to study at the university in the conditions of optimisation of the educational environment: dissertation Candidate of Pedagogical Sciences - SPb, 2007. 89s.

5. Konovalova M.D., Shchetinina E.B. Psychological and pedagogical co-education of students with disabilities: textbook for universities. - Saratov, Saratov University Press, 2013. – 106s.

6. Kulagina I.Y., Senkevich L.V. Rehabilitation potential of personality in various chronic diseases// Cultural and Historical Psychology (M.). 2015. T. 11, №1. 50-60 s.

7. Pyanova E.N.. Socio-psychological adaptation of students of natural profile of training of regional higher education institution: diss. Cand.psychol.nauk. SPb. 2006.-130 s.

8. Gorchakova A.A. Features of the process of student adaptation to educational and professional activity //Problems of modern science and education. - Ivanovo, 2017. – 88s.

9. Pedagogicheskiy slovar' [Pedagogical dictionary]. T.1. – Moscow: Izd. Akademii ped. nauk, 1960. – 24s.

10. Postovalova G.I. O faktorakh, opredelyayushchikh adaptatsionnyuyu sposobnost' cheloveka [On the factors that determine the adaptive ability of a person] //Psikhologicheskkiye i sotsial'no-psikhologicheskkiye osobennosti adaptatsii studentov. – Yerevan, 1973. - S.18-19.

11. Movkebayeva Z.A., Denisova Z.A., Oralkanova I.A., Zhakupova D.S. Metodicheskiye rekomendatsii po podgotovke pedagogov k vnedreniyu inklyuzivnogo obrazovaniya [Guidelines for preparing teachers for the introduction of inclusive education]. - Almaty: Daykpress, 2013. - 165s.

12. Oralkanova I.A. Formirovaniye gotovnosti uchiteley nachal'nykh klassov k rabote v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovaniya [Formation of readiness of primary school teachers to work in conditions of inclusive education]: dis. ... dokt. filosofii (PhD). – Almaty, 2014. - 210s.

13. Magauova A.S., Talipova N.A., Makhambetova ZH.T. Modelirovaniye psikhologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniya studentov s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnostyami v vuze v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovaniya [Modeling of psychological and pedagogical support of students with special educational needs at the university in the context of inclusive education]// KazNPU imeni Abaya Vestnik Seriya «Psikhologiya».

14. Sadvakasova Z.M. Inklyuzii v obrazovanii: tekhnologii uspeshnoy adaptatsii studentov «Gruppy riska» [Inclusions in education: technologies for successful adaptation of students of the «Risk Group»]// Kazakhskiy natsional'nyy universitet imeni al'-Farabi Vestnik. Seriya «Pedagogicheskkiye nauki». №2 (55). 2018 - S.56-64

15. Andreyeva D.A. O ponyatii adaptatsii: Issledovaniye adaptatsii studentov k usloviyam obucheniya v vuze [On the concept of adaptation: Study of the adaptation of students to the conditions of study at the university]. – Moscow: Cheloyevk i obshchestvo, 2006. – 451s.